

2

Баспана кілті
табысталды

4

Теңізден
тарту

Сыр бойы

№196 (21072) 25 желтоқсан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



ӨНДІРІС АЛАҢДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Елорда нысандарын аралау кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Tausogor зауытына барды. №1 Индустриалдық паркте орналасқан кәсіпорын құрылыс саласын заманауи жүк көтергіш машиналармен және механизмдермен қамтамасыз етеді.

Президент елдегі ірі құрылыс компанияларына қажетті мұнара крандары және эскалаторлар өндірісімен танысты. Қазір Tausogor зауытында жоғары білікті 44 маман еңбек етеді. Өндіріс орны жылына 200 лифт, 70 эскалатор және 70 мұнара кранын шығара алады.

Мемлекет басшысы еңбек ұжымымен әңгімелесу барысында кәсіпорынның ел инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесін атап өтіп, оның алдағы уақытта бәсекеге қабілеттілігі арта түсетініне сенім білдірді.

Президент Астананың №1 Индустриалдық паркінде орналасқан бірқатар кәсіпорынның қызметімен танысты. Мұнда винилді гипсокартон панелін шығаратын «Гипсовинил», өрт дабылдары, бейнекамералар мен домофондар өндіретін QR Systems зауыттарының өнімдері көрсетілді. Сондай-ақ көрмеде «Астана электро-техника зауытының», «Арыстан» Астана құбыр зауытының, құрылыс және жол химиясына маманданған ARGP кәсіпорының қызметі жөнінде мағлұматтар ұсынылған.

Бұдан бөлек, мемлекет-жекеменшік серіктестік қағидаты бойынша пайдалануға берілетін №2 Индустриалдық паркінің даму перспективасы жайында баяндалды. Аталған алаңда жалпы құны 500 миллиард теңгеден асатын және 8 мыңға жуық жана жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 100-ден астам жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар логистикалық инфрақұрылымды ілгерілету бағытында белсенді жұмыс атқарылуда. Соның ішінде «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағында логистикалық парк құрылатын болады.

Астананың жалпыұлттық пулы аясында 1,9 триллион теңгеге 120 жоба жүзеге асырылады. Осы арқылы 22 мыңға тарта жұмыс орнын ашу көзделген.

Мемлекет басшысы шынжыр табанды және дөңгелекті бронды машиналар шығаратын, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсететін Besqagi зауытына барды. Цехтардағы құрастыру жұмыстарын аралап көріп, қорғаныс өнеркәсібі кешеніне қарасты кәсіпорынның технологиялық процестерімен және өндірістік мүмкіндіктерімен танысты.

Компания жылына 200 бронды техника құрастырады. Олардың қатарында суды кешіп өте алатын, дөңгелекті Taimas8x8, Aibag 4x4 бронды машиналары, сондай-ақ Tulpar шынжыр табанды техникасы бар. Besqagi компаниясы өз өнімін Қорғаныс министрлігі мен басқа да күштік құрылымдарға арнап шығарады. Өндіріс алаңы биыл ақпан айында іске қосылды. Жалпы құны 13,5 миллиард теңге болатын жоба аясында 134 жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысы зауыт қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың еңбегі өнімді болуына тілектестік білдірді.

/// САПАР

АВТОМАТТЫ ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫ

15 МЫҢ ХАЛЫҚҚА КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ГАЗ ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданында автоматты газ тарату станциясы жұмысын бастап, Қамыстыбас елді мекеніне табиғи газ қосу рәсімі өтті. Оған құқық қорғау органдарының, жауапты салалардың басшылары, облыстық мәслихат төрағасы, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты, «көгілдір отын» игілігіне қол жеткізген қамыстыбастықтарды құттықтап, инфрақұрылым жеткізу саласындағы жетістіктерге тоқталды.

— Мемлекет басшысы: «Үкімет газ таратылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды «көгілдір отынмен» қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деп тапсырған болатын.

Бүгінде мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық мақсатының бірі — ауылдарды дамыту. Үкімет пен облыс әкімдеріне қолдау тетіктерін тиімді және

мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыру, экономикасын жоғары көрсеткіштерге жеткізу міндеті жүктелген.

Сыр өңірінде халық саны 845 мың адам болса, оның 447 мыңы, яғни 53 пайызы ауылда тұрады. Аймақтың негізгі макро-экономикалық көрсеткіштерінде өсім бар. «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында ауқымды жұмыс атқарылуда, — деді облыс әкімі.

Автоматтандырылған газ тарату станциясы Арал ауданына қарасты 18 елді мекендегі 15 мыңға жуық халыққа кезең-кезеңімен «көгілдір отын» жеткізуге мүмкіндік береді.



Суреттерді түсірген Бағдат Есканов

Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жобалар жалғасын табады.

Қызылорда облысында 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болған еді, 2022-2025 жылдар аралығында 65 млрд 100 млн теңгеге 77 жоба жүзеге асырылды. Осылайша биылғы газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетті.

Басқосуда ауданның дамуына елеулі еңбегімен үлес қосқан ел ағалары мен газ құбырын тартқан әрі мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Мемлекеттік қызмет саласының ардагері Нұржау Ділмағамбетов бата берді.

Шарадан кейін облыс әкімі ауыл тұрғынының үйіне аялдап, газдың берілуін, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне тигізген оң әсерін көрді.

«СБ» ақпарат

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ӨНІМ ӨНДЕУГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде микро және шағын бизнесіті қолдау шаралары туралы мәселе қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы шағын бизнесті қолдаудың онтайлы әрі тиімді тетіктері арқылы кәсіп иелерін сүйемелдеудің маңызын атап өтті.

— «Іскер аймақ» бағдарламасы аясында қаржыландыру үшін экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесін айқындап, тиісті ұсыныс енгізу керек. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері бірлесіп, «Ауыл аманаты» жобаларын осы бағдарлама арқылы қаржыландыруды кеңейтіңіздер.

Алдағы жылға «Ауыл аманаты» жобасына 5,6 млрд теңге бөлінген. Жаңа жобаларды қараған кезде ең алдымен, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуға және өнім өңдеуге басымдық берілуі тиіс, — деді облыс әкімі.

Бүгінде облыста шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 20 пайыздан асты. Экономикалық белсенді тұрғындардың үштен бірі осы салада еңбек етеді.

Биыл шағын және орта бизнестің 2 464 жобасына барлық қаржы көзінен 40 млрд теңге қолдау көрсетілді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өндірістік нысандар іске қосылып, тамақ өнеркәсібіне бағытталған шағын өнеркәсіптік аймақтар құрылды.

Алдағы үш жылда 2 трлн 800 млрд теңге қаржы салынған 98 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ИГЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазір өндірістің бәрі цифрландыруға көшіп, автоматтандырылған қондырғыларды кеңінен қолдануда. Сол себепті жастардың басым бөлігі заманауи техника тілін меңгеруге құмар. Қазыбек Әлмаш Қызылорда қаласындағы «Orda Glass Ltd» ЖШС шыны зауытында шыныны терең өңдеу бөлімі басшысының орынбасары. Мектепті үздік бітірген жас арман қуып, шетелде білім алды. Қытайдың Ланьчжоу қаласында оқып, «Электротехника және автоматтандыру» мамандығын бітірді. Қытай тілін жетік меңгерген соң білімін жетілдіру үшін «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша магистрант атанды. Елге келгеннен кейін шыны зауыты ашылғанда алғашқылардың бірі болып, жұмысқа орналасты. Бастапқы кезде аудармашы болды. Уақыт өте келе өзіне жүктелген міндетті ұқыпты, тиянақты атқарып көзге түсті. Қазір шыныны терең өңдеу бөлімінің жұмысына жауапты.

4-бет

/// АУА РАЙЫ

ҚЫС ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облысында қыс мезгілінің қалай өтетіні туралы болжамды жариялады.

Кәсіпорынның облыстық филиалының бөлім басшысы Әйгерім Жөкелованың айтуынша, 25-26 желтоқсан күндері жауын-шашын, әсіресе, қар көбірек жауып, сондай-ақ көктайғақ күтіледі. Ауа температурасы түнде -12-17°C, облыстың солтүстігінде -20°C дейін төмендейді. Айдың аяғына қарай түнде 5-10°C, күндіз 0 +5°C-ге жоғарылап, жылуы мүмкін. Желтоқсанда жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, ал шығысында қалыпты деңгейде болмақ.

— Қаңтар айының алғашқы онкүндігінде ауа температурасы түнде -3-8°C-ден -8-13°C-ге, күндіз 0+5°C-ден 0-5°C-ге аздап төмендеп, аяз болады. Онкүндіктің соңына таман түнде -1-6°C-ге, күндіз +2+7°C-ге жоғарылайды. Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде -20-25°C, күндіз -10-15°C-ді көрсетеді. Онкүндіктің аяғында түнде -1-6°C-ге, күндіз +2+7°C-ге ауысады. Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде -21-26°C, күндіз -11-16°C-ге өзгереді. Бірінші онкүндіктің ортасы, екінші онкүндіктің басы қар, жаңбырмен ерекшеленеді. Айдың ортасында қар жауады. Бірінші онкүндіктің аяғында, екінші онкүндіктің басы мен ортасында тұман түсуі ықтимал. Екінші онкүндіктің басында бұрқасын күтіледі. Қаңтарда секундына 15-20 метр екпінмен жиі жел соғады, — деді Ә.Жөкелова.

Қыстың соңғы айы — ақпанда орташа ауа температурасы нормадан 1-2°C жоғары болмақ. Жауын-шашын мөлшерінде айтарлықтай өзгеріс жоқ.

«Қазгидромет» өкілі «Жаңа жыл қарсаңында Қызылордада қар жауа ма?» деген сұраққа жауап берді.

— Жаңа жылға дейін жалпы облыс аумағында қар жауады. Дегенмен, күндіз ауа температурасы +5°C-ге көтерілетіндіктен, мұның облыс орталығына, Шиеді мен Жаңақорған аудандарына қатысы жоқ, — деді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы:

\$ 510,18 kzt

€ 601,91 kzt

₸ 6,51 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

☀️ +4°

☾ -1°

Жұма

☀️ +3°

☾ -3°

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫҒА ТҮСЕТІН АЛАҢ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге Арал ауданындағы «Руханият орталығында» тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Кейінгі жылдары дәстүрге айналған жеке қабылдаулар азаматтарды толғандырған мәселелер талқыға түсетін, шешімі табылатын маңызды алаңға айналды. Онда келушілердің сан түрлі сауалдары назарға алынып, нақты шаралар қабылданады, жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЖАҢА ҮЙДЕ ҚАРСЫ АЛАДЫ

Жаңа жыл қарсаңында Арал қаласында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арнап жаңадан салынған 60 пәтерлік 30 тұрғын үй табысталды.

Аймақ басшысы құрылыс саласындағы, оның ішінде тұрғын үй құрылысындағы атқарылған жұмыстарға тоқталып, жаңа қоныс иелерін құттықтады. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше шешіліп жатыр. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға жәрдем береді» деп атап өткен болатын.

Өңіріміз қарқынды құрылыс алаңына айналып, 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынды. Кейінгі үш жылда тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды.

Алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер жерлестерімізге берілді. Биыл 3600 пәтерлік тұрғын



үй салуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінді. Оның ішінде 322 пәтерлік 161 тұрғын үй аудандарда бой көтеруде.

Бүгін – мемлекет қолдауымен баспаналы болған әрбір отбасы үшін ерекше күн! Жаңа жыл қарсаңында жаңа үйдің кілтін алып, отбасылық мерекені өз үйінде қарсы алу қуанышты есесі түседі, – деді облыс әкімі.

Іс-шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтарға, құрылыс мекемесінің мамандарына облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, аудандық ақсақалдар

кеңесінің төрағасы Нұралы Оспанов батасын берді.

Арал ауданында құрылыс және инфрақұрылымдық жобалар жоспарға сай жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері 300 орындық «Келешек мектебі», «Руханият орталығы», қамқорлық және оңалту орталығы, әлеуметтік осал топтағы отбасыларға арналған 150 пәтерлік 75 тұрғын үй, сондай-ақ теміржол үстінен өтетін көпір пайдалануға берілді.

Сексеуіл кенті табиғи газға қосылып, 300 орындық мектеп пен 40 төсектік аурухана ел игілігіне табысталды. Токабай ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория салынды. Сонымен қатар демеушілер есебінен апатты мектептің орнына тұрғызылған жаңа мектеп пайдалануға берілді. Бұл ауыл жақында таза ауызсумен қамтылды.

Ақшатау ауылындағы 60 орындық жаңа мектеп шәкірттер игілігіне айналды. Ақбасты және Ерімбетжаға ауылдарына таза ауызсу жеткізілді. Жакын күндері Абай ауылына ауызсу қосу жұмыстары аяқталады.

ҚАРЫМДЫ КЕҢЕЙТКЕН ҚОСЫМША ҒИМАРАТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде орталық ауруханаға жапсарлас салынған 42 төсектік қосымша ғимараттың жұмысымен танысты.

Аталған жоба Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында қолға алынған. Ол бойынша 42 төсектік кардиология және инсульт орталығының құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Құрылысты «СМП-Қызылорда», «Мекен и Компания», «АрхДизайнСтройИнжиниринг» серіктестіктері жүргізген.

Ғимараттағы 42 төсек қорының тең жарымы кардиологиялық, қалғаны инсульт бағытында жасакталып, аурухананың жалпы төсек қоры 196-дан 238-ге дейін ұлғайды. Толығымен қайтарылған активтер есебінен қаржыландырылды.

Алдағы уақытта мұнда аудан тұрғындары

үшін аса өзекті болып келген МРТ құрылғысы орнатылып, мамандар біліктілігін арттыру көзделген. Бұдан бұрын облыс әкімінің жеке қабылдауына келген Қазалы ауданы Өйтеке би кентінің тұрғыны аурухананы компьютерлік томограф аппаратымен қамтамасыз ету мәселесін көтерген болатын. Биыл жергілікті бюджет есебінен 326,7 млн теңгеге «Philips» маркалы, 64 срезді компьютерлік томограф сатып алынды. Қазіргі уақытта КТ орналасатын бөлме дайындалуда.

Аймақта «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 10 млрд 763 млн теңгеге 27 медициналық нысан салынып, бүгінде тұрғындарға қызмет көрсетіп келеді.

МӘСЕЛЕ ЗАҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ШЕШІЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге Қазалы ауданындағы «Руханият орталығында» тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қазалылықтар негізінен жер кезегі, тұрғын үймен қамтамасыз ету, ауызсу, электр желілерін жаңғырту, көшелерге түнгі жарық шамдар орнату, асфальттауға қатысты сұрақтар қойды.

Атап айтсақ, Аранды ауылының тұрғыны ауылға баратын автомобиль жолын асфальттау мәселесін қозғалды. Бұл автомобиль жолына асфальт төсеу үшін ХТ ПТ «Мекен и К» жобалаушы мекемесі жоба-сметалық құжаттарды әзірлеп, сараптана қарауына ұсынған. Сараптаманың қорытындысы шығып, бюджеттен тиісті қаржы бөлінгеннен кейін жол құрылысы басталады.

Бозкөл ауылының тұрғыны электр желілерін жаңғыртуды сұрады. Ауылдың жеке тұрғын үй секторын электрмен қамтамасыз

ету мақсатында 2023 жылы жоба-сметалық құжаттама әзірлеуге аудандық бюджеттен қаржы бөлінген. Сол жылдың мамыр айында он қорытынды алынды. Қазіргі уақытта қаржыландыру мәселесі қаралууда. Қаржы бөлінсе, құрылыс-монтаж жұмыстары басталады. Жоба аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Аймақ басшысы барлық сауалға орай заң аясында тиісті шара қабылдауды, мәселелерді оңтайлы шешу жолдарын қарастыруды жауапты сала басшыларына тапсырды.

Осы жолғы қабылдауда 50-ден астам азаматтың өтініші жан-жақты қаралып талқыланды. Ал облыс әкімі 25 тұрғынның сұрақтарына жауап берді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Ібайдулла ТІЛЕП,
облыстық мәслихат депутаты:

«ӘРБІР ШЕШІМ – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН»

Қоғамның дамуы мен ел мүддесін қорғау жолында тиянақты ісімен танылған халық қалаулысы, «AMANAT» партиясының мүшесі – Ібайдулла Тілеп өңірге қажетті бірқатар мәселелердің оң шешілуіне ықпал етіп жүр. Жуырда халық қалаулысымен сұхбаттасудың сәті түскен болатын.



– Ібайдулла Тілептің мәслихат депутаттарының жұмысы көбіне «халық пен билік арасындағы алтын көпір» деп айтылады. Бүгінгі таңда депутаттың ролі қалай өзгерді деп ойлайсыз?

– Иә, мәслихат депутатының жұмысы – ел мен билік арасындағы байланыстың негізгі арқауы. Қазір халықтың талап-тілегін нақты есту, оны орындау тетіктерін тиімді ұйымдастыру жергілікті өкілді органдардың басты міндеттерінің бірі. Қоғамның саяси сауаты мен азаматтық белсенділігі артқан сайын депутаттарға қойылатын талап та күшейіп келеді. Сондықтан

өңірдегі әрбір халық қалаулысы өз жұмысында ашықтық пен тиімділікті басты қағида ретінде ұстануы тиіс деп есептеймін.

– Сіз ұзақ жылдар бойы мәслихат депутаты ретінде қызмет атқарып келесіз. Осы уақыт ішінде қандай жұмыстар атқарылды?

– Мен облыстық мәслихаттың III, IV, V, VI, VII, VIII шақырылымдарының депутаты ретінде халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келемін. Мен үшін әрбір шешім – елдің мүддесіне қызмет етуі керек. Осы жылдар ішінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал еткен бірқатар маңызды жобалар жүзеге асты. Мәселен, бірнеше жыл бойы көтерілген ауданды газдандыру мәселесі кезең-кезеңімен шешімін тапты. Атап айтар болсақ, Қазалыдағы қазіргі газбен жабдықталып жатқан Жанқожа ауылы, Бекарыстан би, Майдакөл, Түктібаев елді мекендеріне газ құбыры тартылуда. Алдағы міндет – ауылшілік газдандыруға қажетті қаржының бөлінуіне ықпал ету. Сонымен бірге газ құбырын айналма бағытпен Қожабақы, Бірлік, Өркендеу елді мекендері арқылы Қазалыға қосу. Қожабақы тұсынан бұрмақұлақ (примыкание) жасап, Бозкөл-Қукей-Тасарық-Тасөткел бағытында айналып шығу – аудан халқы үшін аса маңызды жобалардың бірі.

Ауылшілік газдандыру – тұрғындардың өмір сапасын жақсартудың негізгі тетігі, сондықтан бұл мәселені де жіті назарда ұстап отырымын. Бұл – тұрғындардың тұрмысына ғана емес, экологиялық ахуалға да оң әсерін тигізді. Сонымен қатар ауылшілік жолдарды жөндеу – көптен шешім күтетін мәселе болатын. Бұл бағытта облыстық және аудандық деңгейде қолдау көрсетіліп, бірқатар көшеге асфальт төселді. Сарыбұлақ және Шөкен ауылдық округтеріндегі сумен жабдықтау жүйесін жақсарту мақсатында артизиан ұңғымасын қазу жобасы да қаржыландырылып, су тапшылығын шешуге ықпал етуде. Сондай-ақ III шақырылымдағы депутаттық қызметімің басында Қазалы ауданының 6 елді мекенінде электр жарығы мүлде болмаған еді. Оны да дер кезінде көтеріп, облыстық бюджеттен қаржы тартып, электр желілерінің жүргізілуіне жағдай жасалдым.

Аудан тұрғындарының басты сұраныстарының бірі – елді мекендерді өзара жалғайтын сапалы жол мәселесі болатын. Осы бағытта шалғай ауылдарға жол тарту және асфальт төсеу мәселесін көтеріп, алдағы уақытта Аранды ауылына асфальт төсеу, Бозкөл-Тасөткел-Тасөткел-Тасарық бағытындағы жолдарды толық асфальт жабындысымен қамтамасыз ету, Лакалы елді мекеніне қиыршық тасты жол салу жұмыстарын қолға алмақшымыз. Одан бөлек Арал өңірінің инфрақұрылымдық жағдайы да ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Бүгінде аймақтағы жол сапасы ең төмен аудандардың қатарында Арал мен Қазалы тұр. Ауыларлық жолдардың жоқтығы тұрғындардың қатынасын қиындатып отыр. Бұл бағытта да жүйелі түрде ұсыныстар беріліп, нақты жұмыстар атқарылууда.

– Кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы, білім салаларында да бірқатар бастамалар көтеріңіз. Осы бағыттағы жұмыстар туралы айтып өтсеңіз...

– Иә, кәсіпкерлікті қолдау – өңір экономикасын дамытудың маңызды тетігі. Инвест жобаларды іске асыруға жәрдем беріліп, субсидия, жеңілдетілген қаржы, инфрақұрылым жеткізу мәселелері оң шешімін тапты.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамыту, оның ішінде асыл-тұқымды мал шаруашылығын қолдау, өнімділікті арттыру, субсидия бөлу жұмыстарын бойынша бірқатар ұсыныс енгізіліп, нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Ал білім саласына келер болсақ, өзекті мәселелер бар. Қазалы ауданы бойынша Бекарыстан би елді мекеніндегі №24 мектеп пен Ғани Мұратбаев ауылындағы мектеп апаттық жағдайда. Оны қайта салу керек. Аудан орталығына Оқушылар үйін салу да күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Сонымен қатар, ғасырдан астам тарихы бар №70 мектептің жанынан 300 орындық қосымша жаңа мектеп ғимаратын салуды да көтеріп, шешімін табуға жұмыс жасап жатырмыз. Мұндай мәселе Арал ауданында да кездеседі. Мәселен, Сапақ елді мекенінде кезінде асарлатып салынған мектепті қайтадан салу керек. Бүгінде тиісті ұсыныс беріліп, қаржысының шешілуін күтіп отырымыз.

– Кейінгі уақытта балалар арасындағы аутизм мәселесі жиі талқыланып жүр...

– Иә, өкінішке қарай, кейінгі жылдары балалардағы аутизм мәселесі жиілеп кетті. Бұл өте өзекті тақырып. Осы мәселені назардан тыс қалдырмай, облыс орталығынан аутизммен ауыратын балаларға арналған арнайы орталық немесе жаңа бейімделген ғимарат салу туралы ұсыныс енгізілді. Бұл бастама тиісті органдарда қаралып жатыр. Біз бұны тек медициналық қажеттілік деп емес, ең алдымен әлеуметтік жауапкершілік деп қарауымыз керек. Әр бала дамуға тең мүмкіндік алуы тиіс.

– Депутат ретінде өз қызметіңіздің басты қағидасы қандай? – Қандай жағдайда да басты мақсат – нәтижеге еңбек. Мәселені көтеру бір бөлек, оның шешімін табу депутаттың негізгі міндеті. Бұл – мен үшін азаматтық парыз ғана емес, ел алдындағы аманат.

Халықпен тұрақты кездесулер өткізу, ауылдарды аралау, әр тұрғынның өтінішін тыңдау – менің күнделікті жұмысымның бір бөлігі. Мемлекет басшысы да депутат халықтың қасында болуы керектігін атап өтті. Сондықтан мен елден алыстамауға, әрдайым халықпен бірге болуға басымдық беремін. Жалпы депутаттық қызметтің мәні мен мазмұны жайында өткен ғасырда-ақ, Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлы айрықша ой қалдырған. Ол: «Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, жұртты я сатып, я алдап кетпейтін таза жүректі болса, өз пайдасынан ел пайдасын жоғары қоя білсе, саясатқа жетік, білімді, шешен, көсем болса» деп жазады. Бұл бүгінгі күнге де дәл келетін өлшем. Мен осы қағидаларды қызметімде басшылыққа алып келемін.

Сұхбаттасқан
Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Елімізде денсаулық сақтау саласын дамыту, тұрғындарға медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін жыл сайын ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Бұл бағытта Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында нақты міндеттер қойылып, түрлі бағдарламалар бекітіліп, жобалар жүзеге асуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Жолдауында: «Мемлекет денсаулық сақтау жүйесін дамыту үшін жүйелі шаралар қабылдап жатыр. Елімізде медицина нысандары біртіндеп жаңғыртылуда. Ауылдағы фельдшерлік-акушерлік пункттерден бастап мамандандырылған ауруханаларға дейін жаңартылып жатыр» деп атап өтті. Осы орайда біздің өңірімізде де, соның ішінде аудандарда ауыз толтырып айтатын ауқымды жұмыстар баршылық.

АРАЛ: КҮРДЕЛІ ОТАЛАР АУДАНДЫҚ АУРУХАНАДА ЖАСАЛУДА



Арал – облыс орталығынан шалғай орналасқан аудандардың бірі. Сондықтан сапалы медициналық көмекті жергілікті жерде көрсетуге баса назар аударылады. Мәселен, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023 жылдың соңында аудан орталығынан алыстағы екі елді мекенге, атап айтқанда, Бөген және Қызылжарға дәрігерлік амбулатория салынып, қолданысқа берілді. Дәрігерлік амбулаториялар қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, Көктем елді мекеніне облыстық бюджеттен жаңа заманауи типтік жобала медициналық бекет, биыл Токабай дәрігерлік амбулаториясы жаңадан салынып, халық игілігіне табысталды.

Сондай-ақ ұлттық жоба аясында аудандық аурухана жанынан жапсаржай салынып, кардиология және инсульт бөлімшесін ашу жоспарланған болатын. Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін аурухананың әкімшілік бөлімі А.Байтұрсынов ауылдық емханасының бір бөлігіне көшіріліп, оның орнына кардиология және нейроринсульттік бөлімшелері ашылды. Бүгінде кардиология бөлімшесінде 1000-ға, инсульт бөлімшесінде 600-ге жуық наукас ем алып шыққан. Инсульт бөлімшесінде бас ми қанайналымы бұзылысының ишемиялық түрі кезінде фибринолитикалық терапия жаңа емдеу әдісі



енгізілді. – Кардиология және нейроринсульттік бөлімшелерді жаңадан салудың жұмыс жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан шықты. Қаражат көзі арнайы мемлекеттік қордан қаралды. Биыл ғимараттың құрылысы аяқталып тұр. Келер жылы жоғарыда аталған бөлімшелермен қатар, ауданға өте қажетті, бүгінде аудан халқына қолжетімсіз болып отырған ангиограф және магнитті-резонансты томографиямен жабдықталмақ. Осы құрал-жабдықтар алынған жағдайда жүректің аз инвазивті коронарография секілді операциялар жергілікті ауруханада жасалады, – дейді аудандық көпбейінді орталық аурухана бас дәрігері Бауыржан Қуанышбаев.



Аудандық орталық аурухана мен жұқпалы аурулар бөлімшесі ғимараты 1989 жылы салынып, қолданысқа берілген. Бүгінде жұқпалы аурулар бөлімшесі ғимараты апаттық жағдайға жетіп, сараптама қорытындысы алынған. Жұқпалы аурулар бөлімшесінде емделушілер жыл сайын артып келеді. Осыған орай, Арал қаласындағы ауданаралық ауруханаға қарасты жұқпалы аурулар бөлімшесін салуға ұсыныс берілді. Орталық аурухананың жаңа ғимараты жанынан 1 гектар қосымша жер алынып, белгіленді. Жоба-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптамадан шықты. Келер жылы халық игілігіне беру жоспарланған.

Кәсіпорынға қарасты Абай ауылдық емханасы қаланың 19681 тұрғынына алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Тұрғындардың 80 пайызы теміржолдың арғы бетінде тұрады. Бүгінде ауылдық емхана 1960 жылы жатақхана үшін салынған, типтік емес ғимаратта жұмыс істейді. Жұртшылық «Шаңқай» шағын аудан

раттарын табиғи газбен жылытуға реконструкция жасалып, ауыстырылуда. Былтыр Жақсыкылыш дәрігерлік амбулаториясы, жүйке аурулары диспансері және А.Байтұрсынов ауылдық емханасы ғимараттарының бу қазандықтары табиғи газға ауыстырылды. Қыс мезгіліндегі жылыту мәселесі түбегейлі шешілді. Биыл Сексеуіл ауылдық ауруханасының бу қазандығы газға қосылды. Ендігі кезекте Қамбаш және Шыңжаға елді мекендеріне табиғи газ жүргізу жоспарына сай, сондағы медициналық мекемелердің жылыту жүйесін газға ауыстыруға қажетті құжаттамалық жұмыстар басталуда, – деп атап өтті Бауыржан Мұратбекұлы.

Аудандық денсаулық сақтау саласы материалдық-техникалық базасын жаңғыртуда да едәуір жетістіктерге жетіп келеді. Заманауи құрал-жабдықтар алудың нәтижесінде күрделі

көп наукастарға лапароскопиялық ТАРР герниопластикасы, отадан кейінгі вентральді жарықтарға имплантты торларды қолданып кернеусіз және комбинирленген пластикалар, жатырдан тыс жүктілік және жатыр қосалқыларының айналуы кезіндегі лапароскопиялық түбэктомия оталары, көкөткің диафрагма тесігінің жарықтары кезінде Ниссен бойынша лапароскопиялық фундопликация, бүйрекусті безінің түзілістері кезінде лапароскопиялық адреналэктомия оталары, көкбауырдың паразитарлы емес кисталарына лапароскопиялық кистэктомия оталары жасалуда. Осылайша ауданда кіші инвазивті хирургия дамып, жаңа серпін алды. Айта кету керек, бұл ем-шаралар наукастарға МӘМС шеңберінде тегін жүргізілді. Мұндай оталарды жасату үшін бұған дейін наукастар облыстық және республикалық орталықтарға баратын. Травматологиялық сырқаттарға жедел оталар да жергілікті жерде жасалуда.

Бас дәрігердің айтуынша, аудандағы өзекті мәселелердің бірі – маман тапшылығы. Бүгінде дәрігерлердің 20-сы зейнет жасынан асса да жұмыс істейді. Бұдан бөлек, қосымша 19 дәрігер тапшы. Ақтөбе қаласындағы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің осы жылы бітіретін түлектерімен келіссөздер жүргізуде. Былтыр 6 жалпы тәжірибелі дәрігер, 2 анестезиолог-реаниматолог, 2 неонатолог, 1 педиатр, 1 кардиолог, 1 рентгенолог-дәрігер резидентура бітіріп, биыл 7 дәрігер жұмысқа қабылданған. Нейрохирург, ревматолог дәрігерлер мүлдем жоқ. Маман тапшылығы мәселесін шешу үшін аудан кәсіпкерінің демеушілігімен 1 жалпы тәжірибелі дәрігер, 1 ревматолог, 1 инфекционист дәрігердің резидентура қаржысы төленіп, оқытылуда. Жергілікті жалпы тәжірибелі дәрігер нефрология бейні бойынша маман сертификатын алып, аудандық емханада жұмыс істейді.

– Аудан орталығының қала статусы болғандықтан, жас мамандарды «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етуге заң мүмкіндік бермейді. Әкімдіктің келісімімен қызметтік үймен қамту шаралары жасалуда.

Кейінгі жылдары аймақ басшысының және облыстық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен 25 жаңа санитарлық автокөлік берілді. Осылайша аудандағы санитарлық автокөлік мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Шалғай жатқан Құланды, Ақбасты, Жіңішкекүм, Мергенсай медициналық бекеттері, сонымен қатар Жаңақұрылыс, Ақбай, Қарашалаң фельдшерлік-акушерлік бекеттері көлікті болды.

Былтыр бірқатар елді мекенде халық санының артуына байланысты медициналық бекеттер фельдшерлік-акушерлік бекеттерге ауыстырылды. Ол елді мекенде екі медициналық қызметкер, яғни фельдшер және акушер жұмыс істейді деген сөз.

Медициналық көмектің сапасын арттыру және жұмысқа жаңа серпін беру мақсатында Арал қаласындағы 3 емхана менгерушісі ротация тәртібімен ауыстырылды, – дейді ол.

Тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін бірқатар шаралар қабылданды. Мәселен, созылмалы жүрек жетіспеушілігімен диспансерлік есепте тұратын наукастарға арнап кабинет ашылды, осы уақытқа дейін 2000 тұрғын тексерулен отты. Былтыр медицинашы цифрландыру мәселесіне байланысты 9 елді мекен (Қосаман, Ақеспе, Жіңішкекүм, Қарашалаң, Ақбасты, Құланды, Сазды, Мергенсай, Жалғызбағым) компьютер, принтер және интернетпен қамтамасыз етілді. Аудандық аурухананың материалдық-техникалық базасы 174 млн теңгеге функционалды керуестер, дефибрилляторлар, пациент мониторлары, ота столы, көңеккесіз ота лампасы, портативті УДЗ аппараттарымен толықтырылды.

Сексеуіл ауылдық ауруханасы құрылысы қайта жандандырылып, облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, қолданысқа берілді. Қазіргі уақытта халық игілігін көруде. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан ауруханаға қажетті құрал-жабдықтар мен қатты инвентарьларға 150 млн теңге бөлініп, қамтамасыз етілді.

Ана мен бала денсаулығы басым бағыттардың бірі екені белгілі. Аудандық аурухананың перзентхана бөлімшесіне нәрестелерге арналған Сіпар аппараты алынды. Сонымен қатар туу бөлімшесінде нәрестелерді тұрақтандыру палатасы ашылды. Босанатын әйелдерге арналған көпбейінді арнайы керуестер алынып, пайдаланылуда.

Мамандардың біліктілігіне баса көңіл бөлініп келеді. Биыл 57 дәрігер, 21 орта буын медицина қызметкері республикалық және халықаралық конференцияларға, семинарларға қатысып, облыстық мекемелерде тәжірибе алмасты. Былтыр реаниматолог және кардиолог мамандар Түркияда, биыл неонатолог, реаниматолог, акушер-гинеколог мамандар Екатеринбург қаласында мамандандырылған өтіп келген.

Ауыл тұрғындарына медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға арналған жұмыстар жалғаса бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП АУДИТІНІҢ МАҚСАТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесінде «Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты» тақырыбында семинар өткізді. Семинарда қаржылық есептілік аудитінің мәні мен маңызы, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері жан-жақты талқыланды.

Қаржылық есептілігіне тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жыл сайынғы аудит жүргізіледі. Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру – бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты. Мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін нұсқаулық құжаттармен қамтамасыз етуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері қаржылық есептілік аудиті мемлекет-

тік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағалайды. Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепте жоғары деңгейлі сенімділік және аудит барысында дәлелдемелерді негізге ала отырып, қаржылық есептілік бойынша нақты білдірілген пікір болуға тиіс.

Нұрсұлтан СҰЛТАНБЕКОВ,
Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит департаменті
қаржылық есептілік аудиті
бөлімінің бас маманы

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

Аймақтың тарихын бедерлеп, тасқа басқан «Сыр бойы» («Ленин жолы») газетінен талай талантты журналист пен қаламгердің шыққаны мәлім. Солардың арасында ұзақ жыл басылымның жауапты хатшысы қызметін атқарып, секретариаттың жұмысын қара нардай көтерген Қазақстанның Құрметті журналисі, 1971 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болған Расул Серіков ағамыздың да өз орны бар. Ол саналы ғұмырының 42 жылын осы қарашаңырақта өткізіп, бойындағы қуат-қарымын баспасөзге арнаған жан. Қорғасыннан компьютерге дейінгі жетпіс жылдық кезеңді қамтитын газет дәуірінің бар қиындығын көріп, басынан өткізген ардагер журналистің дүниеден озғанына да қырық күн болыпты.

ЖАНЫ ЖАЙСАН ЖАҚСЫ АҒА

Расул Серіков 1948 жылы Шиелі ауданы Майлытоғай ауылында туған. Алақандай ауылдағы №141 сегізжылдық мектепті бітірген соң Тәжібайхан қарттың жалғыз ұлы оқуын қаладағы 1-Май мектеп-интернатында жалғастырады. Сол кезде мектеп балшы балаларына арналған білім ошағы болатын. Еңбек жолын мектеп бітірген 1966 жылы туған ауылындағы кітапхана меңгерушісі болып бастайды. Кейіпкеріміздің жазу-сызуға деген құмарлығы бәлкім осы жерден, кітапханадан басталған шығар, кім білсін?! «Талапты ерге нұр жауар» деген, Расул ағамыз 1969 жылы сол кездегі қазақтың С.Киров атындағы мемлекеттік университетінің (қазіргі әл Фараби атындағы ҚазҰУ) журналистика факультетіне оқуға түседі.

Зайыбы Сәуле Әбүтәліпқызының айтуынша, сол кездері Майлытоғай ауылында электр жарығы болмапты. Қолына қалам алып, «Темір жолдың арғы жағы, бергі жағы» деген тақырыппен шағын фельетон жазып, оны облыстық «Ленин жолы» газетіне жібереді. Онысы көп ұзамай жарық көріпті. Бұған қанағаттанған автор редакциямен байланысын нығайта түседі.

Расул Серіков 1970 жылы облыстық «Ленин жолы» газеті редакциясына корректорлыққа қабылданған. Бұл кезде облыстық газеттің редакторы Қалқабай Әбен-

ов, аймақтағы қазақ тілді жалғыз басылымның ұжымы аға буын өкілдерінен құралған болатын. Дені екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангерлер. «Редакцияда талапты жастарға қазіргідей жұмыс тез табыла бермейтін. 1987 жылы ағаз хаттар бөліміне тілші болып қабылданымын дегенше корректорлық қызметті 17 жыл атқарды, — деп бастады әңгімесін зайыбы Сәуле апай.

«Баспасөзге менің де қатысым бар» деп сөзін жалғаған апайымыз 1973-1977 жылдары облыстық баспаханада еңбек еткенін айтты. Ол кезде баспахана Журба көшесіндегі қазіргі «Әл-Аса» сауда үйінің ғимаратында, ал газет редакциясы Орталық алаңға жақын орналасқан. Баспахана директоры Орман Нұрхабаев. Ол кісінің 1967-1977 жылдар аралығында баспахана директоры болып зейнетке шыққанын білеміз.

— Бітімбай Сықымов ағамыз баспадағы цензураға жауапты болатын. Мен теруші болдым. Ол кезде газет шығару өте қиын, қорғасынмен басылады. Рекөмен осы жерде танысып, көп ұзамай (1974 жылы) шаңырақ көтердік. Ата-енеміз ауылда, келін болып ауылға түстім. Екеуміздің де жұмысымыз қалада, қарттардың жанында бір ай тұрып, 1975 жылдың басында қалаға келдік. Кейін жар-ты ставка корректорлық қызметті қоса атқардым. Рекөң ҚазҰУ-дің



журналистика факультетін 1976 жылы бітіріп алды.

1985-1991 жылдар аралығында облыстық газетке Нұрділда Уәлиев басшылық жасағаны белгілі. «Редактор Н. Уәлиевтің бұйрығымен ағаз 1987 жылы «Еңбекші хаттары» бөліміне тілші болып ауысты. Ол кезде редакцияға хат өте көп келеді. Үйге әкеліп, мазмұнына қарай іріктеуге көмектесетін едім. Хат міндетті түрде тексерілетін заман. Журналистер редактордың бұйрығымен аударларға жиі шығады. Рекөң де Арал, Қазалы аудандарына бірнеше рет іссапарға шықты», — деді ол.

Сәуле апайдың айтуынша, сол уақытта Болат Мұратбаев жауапты хатшы екен. Ол 1992 жылы зейнетке шыққанына осы қызметті атқарған, Р.Серіков жауапты хатшының орынбасары болып қызмет істейді. Б.Мұратбаевтан соң Әбдібай Уәлиев ағамыз жауапты хатшы қызметін атқарды, ол кісіге де бірнеше жыл көмекші болған. «Ұмытпасам, ағал Жақсылық Раматулла редактор болған кезде

газеттің жауапты хатшысы болып тағайындалды, сонан секретариатта тұп-тура 25 жыл істеп, 2012 жылы зейнетке шықты» деді.

Шиелі, Жанақорған аудандарында аймақтық тілші болған ардагер-журналист Нұрмахан Елтай ағамыз облыстық газеттің руханият бөліміне 1998 жылы тілші болып қабылданыпты. «Қалада, редакцияның өзінде бір жарым жыл еңбек еттім. Бөлім меңгерушісі досым Қазі Данабаев, ақын інім Дүйсенбек Аяшұлы бар, үшеуміз бір кабинетте отырамыз. Алдымен газеттің апталық жоспары бекітілетін. Бекі салысымен Рекөң әр тілшінің кабинетіне кіріп, мақаланы тездетіп өткізуді еске салып жүреді. Жұмысқа келгенде өте қатал, тапсырманың орындалуын мұқият қадағалайды. Бір жолы мынадай қызық болды. Апта басында Дүйсенбек «Көшеде кемпір отыр» деген тақырып берген еді. Халықтың әлеуметтік жағдайы ауыр кезең, жан бағу үшін көшеде сауда істеп отырған қарияның жайын жазып беремін

деп жауапкершілігіне алған. Бірақ уақытысында жазып өткізе қоймайды. Рекөң: «Әй, Аяшұлы, кемпір қайда?» деп сұрайды ғой. Бұл апта аяқталуға жақын қалған кез. «Мақала жазылмайтын болды. Көшеде отырған кемпір кеше қайтыс болыпты. Бүгін жаназасы» дейді ол күрсініп. Бұған жауапты хатшы шат-шәлкей шығып ашуланады. «Айтылған кезде сөйлесіп, жазып тастайтын адамсың ғой, не болды енді, не болды?» дегені. Міне, Рекөңнің осындай аңғалдығы да бар еді, ашуы да тез, қайтуы та жылдам. Қарбаластан қолымыз қалт еткенде әзіл-қалжыңымыз жарасып әңгіме-дүкен құратын едік. Дәл Рекөңдей ісіне бекем, жауапкершілігі мықты, барынша ұқыпты жауапты хатшыны көрмеппіз» деп түйіндеді ойын.

2011 жылдың көктемінде газеттің экономика бөліміне тілші болып келгенімде Расул аға жауапты хатшы болатын. Талап күшті. «Мақаланы келесі номерге әзірле» деген түсінік жоқ. Номерге! Күн-түн жүрсен де номерге жоспарланған материал дайын болуы керек. Сол жылдың қыркүйек айында зейнет жасына толып, жарнама бөліміне ауысып кетті.

«Сыр бойы» бұрынғысынанша аптасына үш мәрте шығып жатыр. Газеттің жаңа тәсілі — офсеттік басылымға көшкеніне де ширек ғасыр өтіпті.

«Өмір — өзен» деген, жазу-сызумен, қатені түзеумен саусағына мүіз шыққан кешегі асыл ағалар бүгінде арамдызда жоқ. Сол ағалар: «Түріңнен айналайын-ау, біздің бар өміріміз бейнетпен өтті ғой» деп тұрғандай болады. Жауапты хатшы қызметін Расул Серіковке дейін Шора Ерліев, Шәкізат Дәрмәғанбетов, Болат Мұратбаев, Әбдібай Уәлиев секілді талантты журналистер атқарды. Кешегі қорғасын дәуірінде аянбай тер төккен сол ағалардың еңбегі кейінгілер үшін өшпес өнеге.

Дәуіржан ЕЛҰБАЕВ,
«Сыр бойы»



Шапағат шуағы

Қазаққа айтылатын «атадан — өсиетті, анадан — қасиетті» бойына сіңіріп өскен Рақымжан Бәйменов Сырдария ауданының тумасы. Жастық шағы қиын кезеңдерге қоныстандыру, көмекселеу, жер аудару, ашаршылық, репрессия және сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келді. Қилы заманды өлмен бірге өңсеген жігерлі жан еңбекке ерте араласты. Зеректігімен көзге түсіп, бастауыш мектепті үздік бітірді. Қызылордадағы педагогикалық училищеге түсіп, мұғалім мамандығына ие болды. 1947 жылы еңбек жолын бастады. Аудандағы бірнеше мектепте мұғалім бола жүріп, қаншама баланың білімге деген құштарлығын оятып. Осы салада жауапты қызметті де абайрылы атқарды. Кейін Құндызды ауылдық кеңесіне халық қалаулысы ретінде сайланып, елдегі саяси өмірге де белсенді араласты.

— Бұрынғылар «талайлар өтті-ау жалғаннан, көрген адам таңғалған» деп бекер айтпаса керек. Әкеміз білім саласында еңбек етті. Бір ғасырға жуық ғұмырында артына өшпес із қалдырды. Мінезге бай болмысынан үйренетін, өмірлік ұстанымға айналатын өнеге мол еді. Оны айналасы осындай қасиеті үшін үлгі тұтатын. Адамды тәтті ететін тағы бір кісілік ерекшелігі — көрегенділігі, тынымсыз ізденімпаздығы және адамгершілігі. Ағайынның арасында беделі биік, сыйлы болып, әулеттің абызына айналды. Ізінен ерген жастарға ақыл айтудан жалықпай, тура жолдан таймауға меңзейтін. Сөзі салмақты, ісі тиынақты әкем отбасының да шамшырағы еді. Балаларын ұлттық салт-дәстүрді құрметтеп, адал еңбек етуге тәрбиеледі. Ол бүкіл ғұмырында туған топырағы, өскелең ұрпақ игілігін көретін көп іс тындырды. Онысы атын шығарып атак алу емес, кез келген іске жаны ашып, шынайы жүрекпен орындауды азаматтық парыз санайтын, — дейді ұлы Әділбек Рақымжанұлы.

Рақымжан Бәйменов 1952 жылы әскер қатарына алынып, кіші офицерлер дайындайтын курсты бітіреді. Одан кейін 1955-1964 жылдар аралығында №131 «Қызылдиқан» және «1 май» мектептерінде оқу ісін меңгерушісі, тарих пәнінің мұғалімі қызметін атқарған. 1964 жылы Тереңөзек аудандық «Білім» қоғамының жауапты хатшысы болып сайланған, 1965 жылы Сырдария селолық өндірістік партия бөлімі секторының партстатистика және бірінші партия билеті секторының меңгерушісі болып бекітілген. Ал 1972-1976 жылдар аралығында Тереңөзек аудандық партия комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі қызметінде болады. Сондай-ақ 1977 жылдан 1991 жылға дейін Тереңөзек аудандық кешкі жұмысшы жастар орта мектебінің директоры қызметін атқарды. 1980-1991 жылдары облыстық соттың заседатели ретінде сайланып, заңдылықты сақталуына үлес қосады. 1945 жылы Ұлы Отан соғысы кезінде қажырлы еңбегі үшін «Ерлік еңбегі» медалімен, 2000 жылы «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталып, жыл ардагері ретінде зейнетке шығады.

— Әкем зейнетке шыққаннан кейін 20 жыл бойы аудандық мешітте нанб имам болды. Елге қызметі еленіп, «Сырдария ауданының құрметті азаматы» атанды. Осыдан 6 жыл бұрын қажылыққа аттанып, бес парыздың бірін өтеді. Әке мен ана жаққан шырақ, берген тәрбие балаға өмір бақы азық. Ал берген тәлім ұрпақ бойына сіңсе, сабақтастықтың үзілмегені. Әке енесінің арқасында өмірдің сан тарау сопақтарынан аласпай жол тауып келеміз, — дейді ұлы Ә. Рақымжанұлы.

Өмірін ұстаздық ұлы мұрат жолына арнаған ол үлгілі отбасы бола білді. Жұбайы екеуі 9 процент сүйіп, оқытып, құтты орнына қондырды. Берекелі шаңырақ иесі «Мереілі отбасы» байқауына қатысып, жеңімпаз атанды.

«Жақсының аты өлмейді» деп бекер айтылмаған. Оның есімі ел есінде сақталары сөзсіз.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ИГЕРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



— Зауыт толық автоматтандырылған. Мұндағы жұмыстың бәрін техника атқарады. Адамдар арнайы бағдарлама арқылы басқарады. Қол еңбегі жинау, қаптау ісіне ғана қажет. Белсенді жастар көп, жұмысты тыңғылықты атқарады. Екі тілді жетік меңгергендер де бар, — дейді ол.

Қазыбек жұмыс істейтін цех өте күрделі. Ол жұмыстың жайын былай түсіндірді.

— Бұл цехта дайын ақ шыны қайта өңделеді. Күннен, жарық сәулелерінен қорғайтын, күн энергиясын үнемдейтін

қасиетке ие шыны шығарамыз. Алдымен өнім жуу кезеңінен өтеді. Үш рет қайта-қайта тазартылады. Оған сүзгіден өткен таза су қолданылады. Шыны бетінде шаң-тозаң болмауы тиіс. Өйткені сапасына әсер етеді. Тазартылғаннан кейін кептіріледі. Одан әрі вакуумдық қысымды ауаға енеді. Бұл жерде шыны бетіне металдар себіледі. Түрлі-түсті шыны шығаратын болғандықтан, әртүрлі түске енеді. Мұның бәрі де вакуумдық ауаның ортасында болады. Металл себіліп болғаннан кейін дайын шыны сапа бақылау бөлімінде тексерістен өтеді. Талапқа сәйкес келе ме, келмей ме

анықталады. Егер талапқа сай болса жиналып, қапталыды. Ал сапасы дұрыс болмаса, қайта өңдеуге жіберіледі. Қапталып, тұтынушыға жіберілген кезде де аса ұқыптылықпен жиналады. Себебі сыноауы керек, — дейді ол.

Бұл шыны құрылысқа қолданылады. Сапасы да жоғары әрі сұранысқа ие. Цехта 25 адам еңбек етеді.

— Цех үздіксіз жұмыс істейді. Екі ауысым бойынша. Күндізгі және түнгі. Негізгі дайын шыны вагон, көлік арқылы жеткізіледі. Бірақ бұл түріне көбіне көлікті таңдаймыз. Себебі өте нәзік. Түрлі-түсті шыны сырт елдермен қатар, өзіміздің қалаларға да саудалануда. Әсіресе Шымкент, Алматы мен Астанадан сұраныс жоғары. Жалпы құрылыс қыста бәсеңдейді. Біздің де жұмыс соған орай баяулап қалады. Бірақ көктемнен бастап қайта күшейеді, — дейді ол.

Сондай-ақ маманның айтуынша, қауіпсіздік шаралары қатаң бақыланады. Себебі шынымен жұмыс істеу оңай емес. Кесу, жылжыту кезінде арнайы белгіленген аумақтан өтіп кетуге де қатаң тыйым салынады екен.

Жас болса да ауқымды жұмыстың жүзеге асуына жауапты ол ортасына сыйлы. Іскерлік мен білімінің арқасында жетістікке жетіп келеді. Бізге зауыт тынысын толық таныстырып, шынының қалай пайда болатынын, құрамы, кесілуі, жиналуы, қайта өңделуі, сапасының бақылануы туралы егжей-тегжейіне дейін түсіндірді. Міне, нағыз маман. Тосылып қалу жоқ. Қытай тілінде де еркін сөйлеп, ойын жеткізеді.

Иә, осындай талапты жастар барда саланың болашағына сеніммен қарауға болады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ТЕҢІЗДЕН ТАРТУ

Бұл — аралдық белгілі ақын Толыбай Абылаевтың «Айнамақ» атты жаңа жыр жинағы. Теңізді өлкеде туып, содан табан аудармаған ағаның кезекті кітабы қолымызға тиген еді.



«Бірі менің түсімде, Бірі өнімде, Бірін қидық неліктен тірі өлімге?! (Екеуі де Адамзат тілегінде).

Кіші Арал нұр боп жатыр жанарымда,

Ұлы Арал мұң боп жатыр жүрегімде...», деп толғаған ақынның бұл жинағында теңіз табанында ғұмыр кешкен ел-жұрттың тынысы мен тіршілігі суреттеледі. Кешегі шалқыған Аралдың өткені мен бүгінгі айтылады. Сиясы кеуіп үлгермеген жинақта басқа да алуан тақырып жетерлік. Жалпы ақынның бұл кітапта бұрынғы өлеңдерінен бөлек, кейінгі жылдары жазылған жаңа өлең-жырлары топтастырылған.

Толыбай Абылаев — көптеген поэзиялық жинақтың авторы. Өлеңін өмірмен ұштастырып, шығармаларын сын таразысына салып, оқырманға орамды ой мен жыр арнаған ақын. Оның теңіз туралы толғаулары халық жылысына бөленді. Шынышыл өлеңдері мен тың тақырыпты арқау еткен туындылары ақынды абырой биігіне шығарды.

Ақын ағаның бұған дейін «Шағала», «Арал Атланттың», «Махаббат дәптері», «Қыран шайыр», «Нұртұған шайыр» және тағы басқа құнды кітаптары оқырманын тапқан. Бүгінде жас буын ақын ағаның жырларын жатқа айтады десек, қателеспеспіз.

Айта кетейік, Толыбай Абылаев еңбек жолын атакәсіп — балықшылықтан бастап, кейін мәдениет пен журналистика саласында жұмыс істеді. Облыстық және аудандық бірнеше басылымда ұзақ жыл жауапты қызмет атқарды. Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі әрі республикалық жыр додаларының жеңімпазы. Сондай-ақ Ж.Әбдірашев атындағы республикалық әдеби сыйлықтың иегері.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)

экономика — 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)

жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландырған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.